

РОБОТ АДАМДЫ АДАМСТЫРУЫ МҮМКІН БЕ?

Қазіргі заман күннен-күнге дамып келеді. Әр күні түрлі жаңа дүниелер шығу үстінде. Жаңадан бір дүние жасалынып, оны жасау ұзақ уақытта талап етсе, уақыт өте өзге бір ғалым оның жеңіл жолын табуда. Міне, қазіргідей бәселестік заманында адамды таңқалдыра білу қиын. Осы тұрғыдан өзгелерге қызықты мәліметтер қатарын көбейту мақсатында ҚазҰУ-дың оқытушысы Нурбакова Гулия апай Робот жасаудың жаңа тәсілдері атты жаңа үйірмені өткен жылдарда өткізген болатын.

Ең алдымен «робот дегеніміз не» деген сұрақтың жауабын тауып алайық. Бұл ұғымның нақты бір ресми анықтамасы жоқ. Десек те, робототехника мамандары «өзі қозғалатын немесе қозғалмалы бөліктері бар және өз қимылы арқылы шешім қабылдайтын машинаны» робот деп санайды.

Сол себепті, үйден шығар кезде қосып кететін шаңсорғышыңызды «робот» деп атауға болады. Шаңсорғышыңыз айналасын сезу арқылы үйді жиыстырғанда не істеу керектігін өзі шеше алады.

Ал кіржуғыш машинаны роботтар қатарына жатқызы алмаймыз. Себебі, оның жұмыс ретін сіз

таңдай аласыз, ол тек бұйрығыңызды бұлжытпай орындайды. Әрине, бұл тақырыптың даулы тұстары жетерлік. Қазіргі кезде бұл анықтама төңірегінде қызу пікірталастар жүріп жатыр.

Ғалымдар робот емтихан сұрақтарын оқи алу үшін тапсырмаларды арнайы сандық ақпаратпен ауыстырған. Тогобо-куп дұрыс жауапты логикаға салып таңдайды екен.

Роботтың Жапониядағы оқу орнына түсуге 80 пайыз мүмкіндігі бар. Бұл сан оның жинаған балына қарап есептелді.

Жасанды сананың дамуы болашақта қандай нәтижеге алып келетінін нақты айту қиын. Кембридж университетінің профессоры Стивен Хокинг болса, бұның адамзат тарихындағы ең үлкен қателік болатынын айтады.

Міне, осы және өзгеде робот жайындағы мәліметтер, жасалу әдістер, осы үйірме барысында айтылған болатын.

Ташкенбаев Ерхан Асқарұлы,
Тлеміс Нұржан Айдосұлы, Каликулов О.

ӘЛЕМДЕГІ АРДАҚТЫ ДА АЯУЛЫ ЖАН

Ана – әлемдегі ардақты да аяулы жан. Тоғыз ай құрсағында көтеріп, жүрегінің астында жатқан нәрестесінен барын да, нарын да аямайтын ананың адам өміріндегі орны ерекше.

Гүлдің жайқалып өсуі үшін су мен ауа қаншалықты қажет болса, баланың дұрыс жетілуі үшін ата-ананың қажеттігі одан да басым.

Бізге жарық дүние сыйлаған анаға не сыйласа да азық етеді. Меккеге жеті рет арқалап апарғанның өзінде қарызын өтей алмассың. Себебі ана сияқты бақытыңды ойлап, табаныңа кірген тікенді маңдайыңа кіргенін қалайтын адам жоқ. Шын бақытыңды ойлап, жаның құрбан етуге даяр жалғыз адам ол – ана. Асыл дінімізде де Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Кімді сыйлау керек?» деген сұраққа үш мәрте де «Ананы» деп жауап берген. Сондықтан дұрыс адам болып, «Адам болса екен» деген үмітін ақтап, салиқалы ғұмыр кешіп, оны өмір бойы алақанға салып аялап, сыйлау ең үлкен сый болар. Жұмақ – ананың табанының астында. Оның разылығын алмай, жақсы өмір кештім деудің өзі бекершілік болар.

«Ана» бұл қасиетті ұғым, қолына қалам алмас адамды да жазғызады емес пе?! Қара шаңырақ Қазақ Ұлттық университетіміздің факультеттері ғана емес, факультет ішіндегі әрбір курс студенттері бұл тақырыпта кем дегенде бір кеш өткізді десек артық айтқанымыз болмас.

Арманыңды ақтарам ба жүрегімде тербесем,
Айға сіңлі, қарындасың қасиетті Жерге сен.
Мен өзінді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем,
Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен.

Лозбина А.Ю., Белисарова Ф.Б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру – бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек», – деп айтқан еді. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз.

Ана тілімізді білу, онымен еркін сөйлеу ол мақсат емес, міндет. Қазіргі таңда бұл жағдай бір мәселеге айналып отырған секілді. Ал өзге тілдер, әсіресе, халықаралық ағылшын тілі, біздің болашағымыз үшін,

мақсаттарымыздың орындалу үшін үйренілуі керек тіл. Ғылыми конференциялар, ғылыми мақалалар бәрі қазірге таңда ағылшын тілінде шығарылуда. Сол себепті, даму үстіндегі ел болғандықтан, еліміздің өркендеуіне септігімізді тигізгіміз келсе, ағылшын тілін білуіміз қажет.

Міне, осы тұста қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасы «Ағылшын тіліндегі мерзімді ғылыми басылымдар» атты үйірмелер бұрыннан жүрде. Ол үйірмені сіз дипломдық жобаңызға байланысты қандай мақалалар, өзге де ақпараттар жайын біле аласыз.

Сөзімді қорытындылай келе, ана тілімізде әдеби сөйлеп, өзге тілдерді үйреніп, жан-жақты азамат болып, елге өз үлесімізді қосайық!

Турдиева Камила, Тынышбай Бақытжан,
Хасанов Хасан

КӨҢІЛДЕ ҚАЛҒАН ОЙЛАР БАР...

Бұл жазбам мен үшін оңай әрі қызықты болары анық. Себебі бұл тақырып ойыма келгенде кімдер жайлы жазарым да анық еді. Ол әрине, біздің аяулы ұстаздарымыз бен сүйікті оқу орнымыз.

Мектеп бітіргеннен кейін түлектер алдында олардың өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі - оқу орнын таңдау тұр. Әрбір адам өз мамандығын саналы түрде таңдап, болашақта кім болғысы келетінін өзі үшін шешуі керек. Мен де еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарын ұзақ сараптадым, менің назарым әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне тоқтады.

Бұл мекеме көп жылдық оқу және ғылыми жұмыс тәжірибесіне бай. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының бас рейтингісінің көшбасшысы болып табылады.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас.

Бұл кафедра сонымен қоса бірнеше жобалармен айналысады. Робот жасау, Атом жобасы, Жалпы салыстырмалық теориясы және тағы да басқа тақырыптар бойынша көкейде жүрген сұрақтарды осындағы кез келген кісіге айтсаның қол үшін берері хақ. Бұл кісілерге қатысты айтылатын әңгіме өте көп. Себебі алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын.

Арынбек Е.А., Бекбаев А.К.

Сәрсенбай Н.О., Абишев М.Е.